

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

26.12.2024 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы:

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.С.Даулетова – ф.ғ.к., доцент м.а;
3. Ы.Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
4. Г.Қуанышбаева – оқытушы;
5. Г.Макенова – оқытушы;
6. А.Қонысова – оқытушы;
7. З.Смайлова – МАШ-311 магистрант,
8. Б.Шариатулла – ФАТ-212 студент
9. С.Пернебай- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шақырылғандар:

10. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
11. Ж.Суинжанова - Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары
12. М.Талдыбаева - Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің төрағасы

Комиссия хатшысы:

13. А.Қонысова - оқытушы

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім алушылар ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау
3. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау
4. Қараша, желтоқсан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша Сапа комитетінің төрағасы Қазыханқызы Лазура сөз алып, факультетте әзірленген силлабустар білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуіне қаншалықты көмектесетінін анықтау мақсатында сапа комитеті тарапынан мониторинг жүргізілгендігін айтты.

Мониторинг барысында Қазақ филологиясы кафедрасына қарасты 6B02336 – Филология: қазақ филологиясы, 6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті; Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасына қарасты 6B02332 – Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі; Орыс тілі және әдебиеті кафедрасына қарасты 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті; Түрік филологиясы кафедрасына

карасты 6B02333 – Шетел филологиясы (түрік тілі), 6B02267 – Түркітану; Педагогикалық шетел тілдері кафедрасына қарасты 6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай), 6B01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік) және 6B01791 – Ағылшын тілі бойынша БББ сипаттамаларына мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу мақсатында арнайы чеклист дайындалып, тексеру барысында негізге алынды. Чеклист 6 аспекті негізге алып дайындалды: пән сипаттамасы, оқу бағдарламасына сәйкестігі, оқыту нәтижелері (ПОН), білім алушыға бағытталуы, дублин дескрипторлары және лум таксономиясына негізделуі, оқыту әдістері мен бағалау критерийлері (қосымша 1).

Факультеттің ішкі сапа комиссиясының сипаттамаларды тексеру бойынша мониторинг жұмысы төмендегідей нәтижелерді көрсетті:

Түрік филологиясы кафедрасында тіркелген 6B02267 – Түркітану ББ бойынша 22 пән бойынша сипаттамалар, 6B02333 – Шетел филологиясы (түрік тілі) ББ бойынша 30 пәннің сипаттамасы, 7M02212-Түркітану ББ бойынша 7 пән, 6B01719 Шетел тілдері (ағылшын-түрік) ББ бойынша 7 пән, 7M01708 Шетел тілі: екі шетел тілі ББ бойынша 2 пән сипаттамалары тексерілді. Тексеріс барысында елеулі қателер орын алмағандығы көрінді. 2024-2025 оқу жылына арналған пәндер сипаттамалары түгел, сапалы дайындалған. Құрылымдық тұрғысынан сипаттамаларда ешқандай кемшілік анықталмады: Сағат саны дұрыс бөлінген, бағалау критерийлері мен сипаттамалары тақырыптарының мақсатына негізделіп жасалған.

Сипаттамалардың ішкі сапасы, комиссия тарапынан пәннің сипаттамалары, курстың оқу бағдарламасына сәйкестігі, курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) байланысы, дублин дескрипторларына сәйкес және лум таксономиясына негізделгендігі тексерілді.

Пән сипаттамалары білімгерлер үшін түсінікті, курстан не күтетіндігін нақты және айқын түсіндірген. Курс барысында нені үйренетіндігі, қандай дағдыларды игеретіндігі және олар не үшін маңызды екендігі жақсы түсіндірілген.

Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасына қарасты 6B02332 – Шетел филологиясы (ағылшын тілі) ББ бойынша әзірленген 33 сипаттама; 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі БББ бойынша 31 сипаттама тексерілді.

«Қазақ филологиясы» кафедрасында 6B02336-Филология: қазақ филологиясы ББ бойынша жүргізілетін 25 пәннің сипаттамасы, 6B01716- Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша жүргізілетін 27 пәннің сипаттамалары тексерілді. Сипаттамаларда дәріс, практикалық, ОБӨЖ және БӨЖ сағат бөлуде қателіктер табылды. ПОН құрастыруда етістіктердің қайталануы, Блум таксономиясы негізінде Білу, Түсіну және Қолдану деңгейлері бойынша құрастырылмағандығы анықталды.

«Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасында жүргізілетін 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жүргізілетін 29 пәннің сипаттамасы, 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті бойынша жүргізілетін 18 пәннің сипаттамасы тексерілді.

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасына қарасты 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері) бойынша 25 пән сипаттамасы, 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері) 19 пәннің сипаттамалары тексерілді.

Барлық кафедралардың сипаттамаларында дәріс, практикалық, ОБӨЖ және БӨЖ сағат бөлуде қателіктер табылды. ПОН-ін құрастыру бойынша біршама кемшіліктер анықталды. Пәндердің ОН негізделген ПОН-дары дұрыс құрастырылмаған. ПОН-і тікелей ОН- не жеткізуге бағытталған, алайда, Блум таксономиясы негізінде Білу, Түсіну және Қолдану деңгейлері бойынша құрастырылмаған, және етістіктері қайталанған. Бір ПОН да бірнеше нәтиже біріктірілген (мыс: Екінші шетел тілі (сөйлеу және жазу) пәні бойынша «Дыбыстар мен сөздерді дұрыс айта алады, қарапайым дыбыстық сөйлеуді түсінеді, қарапайым мәтінді оқи алады және түсінеді»).

Шешім: Мониторинг нәтижесі академиялық комитетте қаралып, кафедраларда силлабустарды түзету жұмыстарының жүргізілуі қадағалансын.

2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау бойынша комиссия төрағасы сөз бастап кафедраларда осыған байланысты атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесімен бөлісті.

Факультетке қарасты барлық кафедра мүшелерінен құралған комиссия БББ бойынша жүргізіліп жатқан сабақтарды бағалау бойынша 02.12.2024-21.02.2024 аралығында оқытушылардың сабақтарына қатысып мониторинг жүргізілгенін айтты. Оқытушылар білім беру бағдарламаларын іске асыруда инновациялық әдістер мен технологияларды ендіруі бойынша мониторинг барысында бірнеше негізгі аспектілерге назар аударылды.

ПОҚ-тың инновациялық әдістерді қолдануы. Оқытушылар тарапынан жаңа әдіс-тәсілдер мен педагогикалық технологияларды қолданғанып сабақ өтіліп жатқаны анықталды. Мысалы, мультимедиялық құралдар, онлайн платформалар (Zoom, Moodle, Google Classroom), тіл үйретудегі ойындар мен квесттер, интерактивті тақталар мен басқа да технологиялық құралдарды пайдаланылуда.

Әдістемелік құралдар мен ресурстарды енгізуі Шетел тілін үйретуде арнайы әзірленген әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын, мысалы, электронды оқулықтар, тестілеу жүйелері, тіл үйренушілер үшін мобильді қосымшалар да қолданылып жатқандығы анықталды.

Білім алушылардың мотивациясы мен қызығушылығын арттыруы. Оқытушылар білім алушылардың мотивациясын арттыру мақсатында шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, тілдік қауымдастықтар мен клубтар ұйымдастырып жұмыстар жүргізіліп жатқандығы анықталды.

Қолданылатын бағалау жүйелері. Студенттерді бағалауда да оқытушылар инновациялық әдістер, мысалы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы рефлексивті талқылаулар, тренингтер және басқа да кері байланыс түрлері қолданылып жатқандығы анықталды.

Сонымен қоса, тіл сыныптарында Case Study (Кейс әдісі), Project-Based Learning (Жобалық оқыту), Role-Playing (Рөлдік ойындар) және студенттердің өз көзқарасын қорғау және дәлелдемелік талдау жасау дағдыларын жетілдіру үшін дебаттар мен пікірталастар; сабақтарды қызықты әрі интерактивті ету мақсатында Kahoot, Quizizz т.б. цифрлық технологиялар; Аударма сабақтарында Computer-Assisted Translation (CAT) Tools, Machine Translation (MT) & Post-Editing – Google Translate, DeepL сияқты автоматтандырылған аударма құралдары; ELSA Speak, Speechling, Google Speech-to-Text студенттердің айтылымын жақсартуға көмектесетін ЖИ құралдары қолданылатындығы байқалды.

TED Talks, BBC Learning English, The British Council Podcasts – аутенттік материалдар арқылы тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту; Flipped Classroom (Төңкерілген сынып) әдісі арқылы студенттердің негізгі материалды үйде оқып, сабақта практикалық тапсырмалар орындауын қамтамасыз ететін тиімді әдіс болғандықтан кеңінен қолданылатындығы анықталды.

Шешім: Оқу әдістемелік комитет тарапынан оқытушылардың оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын сабақтарында тұрақты түрде пайдалануы бойынша семинарлар мен тренингтер жүргізіп дағдыландыру бойынша жұмыстар жүргізілуі қарастырылсын.

3. Күн тәртібінде белгіленген үшінші мәселеге қатысты факультеттегі ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау бойынша әр кафедра мүшелері есептерімен бөлісті.

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының 1 курс білімгерлері 6B01729-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) -85 студент, 6B01728-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай)-68 студент, 6B01721-Ағылшын тілі-45 студент 26.12.2024ж. №ТО-224 бұйрығы негізінде Түркістан қаласының 21 мектебінде, Түркісан облысы, Сауран ауданының 3 мектебінде, Түркістан облысы, Кентау қаласының 4 мектебінде, Шымкент қаласының 1 мектебінде 27.01.2025-08.02.2025 аралығында оқу практикасынан өтетіндігі анықталды.

2 курс бойынша 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) – 132 студент, 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай) - 87 студент 27.12.2024ж. №ТО-226, Бұйрық негізінде Түркістан қаласының 26 мектебінде, Түркістан облысы, Сауран ауданының 6 мектебінде, Түркістан облысы, Кентау қаласының 5 мектебінде 27.01.2025-08.02.2025 аралығында психологиялық-педагогикалық практикадан өтеді.

3 курс бойынша 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) – 126 студент, 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай) - 37 студент, 13.12.2024ж. №ТО-192 бұйрығы негізінде Түркістан қаласының 30 мектебінде, Түркістан облысы, Сауран ауданының 8 мектебінде, Түркістан облысы, Кентау қаласының 4 мектебінде, Шымкент қаласының 3 мектебінде, Түркістан облысы, Жетісай қаласының 1 мектебінде, Түркістан облысы, Сайрам ауданының 1 мектебінде, Түркістан облысы, Отырар ауданының 1 мектебінде 13.01.2025-08.02.2025 аралығында педагогикалық практикадан өтеді. Практика құжаттары ережеге сай әзірленгендігі анықталды.

Түрік филологиясы кафедрасының 1-курс білім алушылары оқу практикасына жіберу туралы 26.12.2024ж. №ТО-224 бұйрық негізінде бойынша 6B02333 –Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасына қатысты 12 студент (практика жетекшісі аға оқытушы Ф.Тулендиева), 6B02267-Түркітану білім беру бағдарламасына қатысты 28 студент (практика жетекшісі аға оқытушы Л.Алиева)Түрік филологиясы кафедрасында өтетіндігі анықталды.

Өндірістік практика I бойынша практикаға өтуге 2-курс білім алушыларын 27.12.2024 күнгі №ТО-226 бұйрық негізінде 6B02333 –Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасына қатысты 4 студент (практика жетекшісі аға оқытушы Д.Маметова) Түркістан қаласы, Тілдерді оқыту және дамыту орталығына жіберілді. 6B02267-Түркітану білім беру бағдарламасына қатысты 17 студенттен: (практика жетекшісі аға оқытушы Ш.Үсенбаева) 6 студент ХҚТУ, Түркология ғылыми зерттеу институтына; 6 студент Түркістан қаласы, Тілдерді оқыту және дамыту орталығына; 5 студент Түркістан қаласы, Turkistan Media Holding ЖШС-не жіберілгендігі туралы негіздеме айқындалды.

6B02333 –Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасына қатысты 3- курс білім алушыларын 13.12.2024 күнгі №ТО-192 бұйрық негізінде өндірістік практика II практика өтуге 5 студент ХҚТУ, Түркология ғылыми зерттеу институтына; 4 студент ХҚТУ, Аударма орталығына (практика жетекшісі PhD., аға оқытушы Г.Қансейітова) жіберілді. 6B02267-Түркітану білім беру бағдарламасына қатысты 37 студент – 13 студент ХҚТУ, Түркология ғылыми зерттеу институтына; (практика жетекшісілері PhD., аға оқытушы Ж.Ибрагимов, PhD., аға оқытушы М.Молдашева); 15 студент Түркістан қаласы, Туристерге қызмет көрсету орталығына; (практика жетекшілері PhD., аға оқытушы Ж.Ибрагимов, PhD., аға оқытушы М.Молдашева, оқытушы М.Масадикова); және 9 студент Түркістан қаласы, Turkistan Media Holding ЖШС-не (практика жетекшілері PhD., аға оқытушы М.Молдашева, оқытушы М.Масадикова) жіберілуі бойынша құжаттар ережеге сай әзірленгендігі анықталды.

Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы бойынша 1-курс білімгерлері университеттің 26.12.2024ж күнгі №ТО-224 Білім алушыларды оқу практикасына жіберу туралы бұйрығы негізінде 6B02332-Шетел филологиясы:ағылшын тілі, 6B02335-Аударма ісі: ағылшын тілі БББ-ы 1-курс студенттері Ағылшын филологиясы және аударма ісі

кафедрасына оқу практикасынан өтуге жіберілді. Практика жетекшілері Макенова Ғ., Нұрманова А., Дүйсембекова З., Байырхан Ұ., тағайындалғаны анықталды.

2-курс білімгерлері университеттің 27.12.2024ж күнгі №ТО-226 Білім алушыларды психология-педагогикалық, өндірістік практика І жіберу туралы бұйрығы негізінде 6В02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі 2-курс студенттері 27.01-08.02.2025ж аралығында 2 студент Түркия Республикасы, «Ай-Йылдыз» АҚ; 4 студент Түркістан қаласы, «Тұран-Түркістан» ЖШС; 5 студент ХҚТУ, Ясауитану ғылыми зерттеу институтына А.Айтжанның жетекшілігімен жіберілген. 6В02335-Аударма ісі: ағылшын тілі БББ білім алушылары – 5 студент ХҚТУ, Ясауитану ғылыми зерттеу институтына; 13 студент Түркістан қаласы, «Медиа Холдинг» ЖШС; 14 студент Түркістан қаласы, Жастар ресурстық орталығы КММ; 11 студент Түркістан қаласы, Тілдерді дамыту және оқыту орталығына жіберілді.

6В02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі және 6В02335-Аударма ісі: ағылшын тілі ББ 3-курс білім алушылары 13.12.2024ж күнгі №ТО-192 педагогикалық практика, өндірістік практика ІІ жіберу туралы бұйрығы негізінде 3-курс студенттері 13.01-08.02.2025ж аралығында А.Нурманованың жетекшілігінде Түркістан қаласы, Жастар ресурстық орталығы КММ; Алматы қаласы, Қазақстан-Зираат Халықаралық банкі, «Еншілес Банкі» АҚ; Түркістан қаласы, «Тұран-Түркістан» ЖШС; ХҚТУ, Лингвистикалық орталығы; Түркістан қаласы, Тілдерді дамыту және оқыту орталығы; ХҚТУ, Ясауитану ғылыми зерттеу институты мекемелеріне жіберілді.

6В02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі 4-курс білім алушылары университеттің 13.01.2025ж күнгі №ТО-306 Білім алушыларды өндірістік практика ІІІ жіберу туралы бұйрығы негізінде 3-курс студенттері 08.02. – 29.03.2025ж аралығында Түркістан қаласы, Жастар ресурстық орталығы КММ, Тілдерді дамыту және оқыту орталығы, ХҚТУ, Түркология ғылыми зерттеу институты, ХҚТУ, Ясауитану ғылыми зерттеу институты, ХҚТУ, Лингвистикалық орталығы, ХҚТУ, Аударма орталығы, Түркістан қаласы, «Open Turkestan» туристік ақпараттық орталығы» ЖШС, ХҚТУ Түркология ғылыми зерттеу институты, «Ұлы Дала Елі орталығы» МКҚК, ХҚТУ Ясауитану ғылыми зерттеу институты, «Медиа Холдинг» ЖШС, және Жастар ресурстық орталығы КММ мекемелеріне жіберілгендігі туралы құжаттар ережеге сай дайындалған.

Сол секілді, Филология факультетіне қарасты Орыс тілі және әдебиеті және Қазақ филологиясы кафедраларының ББ бойынша оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, өндірістік, диплом алды практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы да талапқа сай жасалғандығы туралы мониторинг нәтижесі ортаға қойылып талқыланды.

Шешім: БББ бойынша оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, өндірістік, диплом алды практикаларының талаптарға сәйкес ұйымдастырылып жүргізілуін қадағалау академиялық комитет тарапынан жүргізілсін.

Мәжіліс төрайымы:

Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:

Қонысова А.